

Көрнекті композитор Сыдық Мұқамеджановты мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 3 қыркүйек 1992 ж. N 738

Қазақстанның көрнекті композиторы, халық артисі, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сыдық Мұқамеджановты мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Композиторлар Одағының:

Алматы қаласының бір көшесіне оның есімін беру;

Алматы қаласындағы композитор тұрған Төлебаев көшесіндегі N 117 үйге мемориал тақта орнату;

Сыдық Мұқамеджановтың есімін Жезқазған облысындағы Шет ауданының Ақсу-Аюлы селосындағы музыкалық мектепке беру;

Алматы музыкалық училищесіндегі студенттерге Сыдық Мұқамеджанов атындағы стипендия тағайындау;

композитордың таңдамалы туындыларын шығару туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Мәдениет министрлігімен, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігімен, Жезқазған облысының және Алматы қаласының әкімдерімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі